

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYÝ BILIM JÁNE ҚYLYM MINISTRIGI
Ó. SULTANGAZIN ATYNDÁĞY
QOSTANAI MEMLEKETTIK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqýlary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyň
MATERIALDARY**

17-18 mamyr 2019

МАТЕРИАЛЫ
**I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

MATERIALS
**of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)

КБЖ 74.58

C 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович

физика-математика ғылымдарының докторы

Ташетов Аманжол Аскарович

PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна

педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент

Евдокимова Ольга Николаевна

педагогикалық ғылымдар кандидаты

Балгабаева Гаяхар Зкрияновна

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Жұмабаев Канат Аканович

кандидат экономических наук

Бобренко Марина Александровна

Сатбаева Мұснай Түлегеновна

Жиенбаева Аида Аманжолқызы

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
C 89 материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции
«Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical
conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асуру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Mengilik el»

ӘОЖ 378 (094)

КБЖ 74.58

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

8. Телебаев Г.Т. Мәңгілік Ел: Елбасы идеясының тарихи тамыры // Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы: стратегия государственного управления и феномен лидерства: сборник материалов международной научно-практической конференции, Алматы, 11.11.2017 г. – Астана: Библиотека Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, 2018. – Б. 67-75.
9. Телебаев Г.Т. Конфессиональный фактор в обеспечении национальной безопасности государства // Национальная безопасность Республики Казахстан: политика, экономика, информация: Сборник научных трудов. – Алматы, 2016. – С. 95-103.
10. Телебаев Г.Т. Жас ұрпақты қазақстандық біртектілік түрғысынан тәрбиелеу: жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы // Білім – Образование. – Астана, 2017. – №1 (80). – Б. 50-56.
11. Телебаев Г.Т. Казахстанская модель межэтнической толерантности в условиях глобализации // XI Конгресс антропологов и этнологов России: сб. материалов. Екатеринбург, 2–5 июля 2015 г. – Москва; Екатеринбург: ИЭА РАН, ИИиА УрО РАН, 2015. – 504 с.;
12. Телебаев Г.Т. Межэтническое согласие через систему образования: казахстанская модель толерантности // К саммиту ШОС. Россия и Казахстан: проблемы и перспективы межгосударственного сотрудничества в образовательном пространстве: Сборник научных статей Международной научно-практической конференции 18–20 февраля 2015 г. – Уфа: Информреклама, 2015. – С. 284-288.
13. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года.
14. Алияров Е.К., Калжеков Т.Б. Межконфессиональные и межэтнические отношения в Казахстане: состояние и перспективы развития [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.sarap.kz/index.php/ru/pol-ob/religi-i-i-obshestvo/336>.
15. Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях от 11 октября 2011 года №483-IV [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://kodeksy-kz.com/ka/o_religioznoj_deyatel_nosti.htm.
16. Текуева М.Т. Инновации как инструмент обеспечения устойчивого роста экономики // IV Международная научно-практическая конференция «Экономическая система XXI века: проблемы и перспективы развития». // Вестник международных научных конференций. – Йошкар-Ола, 2015. – №7 (11). – С. 17-22
17. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс]. Режим доступа: www.akorda.kz.
18. Методическое пособие по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік Ел». – Ассамблея народа Казахстана, РГУ «Қоғамдық көлісім» при Президенте Республики Казахстан, Министерство культуры и спорта РК, Министерство образования и науки РК. – Астана, 2013. – 50 с.

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ДОКТРИНАСЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

The doctrine of national consensus and the idea «Mangilik el» (the eternal country)

Ж.А. Шаукенов
Zh.A. Shaukenov

Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова,
 Костанай, Қазақстан, Shaukenov-zhange@mail.ru

Аннотация

Ұлт бірлігін қамтамасыз ету – демократиялық, зайдырылыштық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарт. Мемлекеттің экономикалық өсуі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы қоғам бірлігі үйісінан және сақталған жағдайдаған жүзеге асады.

Abstract

Ensuring the unity of the nation is the most important condition for building a democratic, secular, legal and social state. Economic growth, social progress, democratic development of the state is carried out only in cases where the preservation of the unity of society is ensured.

Кілт сөздер: Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан – 2050 Стратегиясы, «Мәңгілік Ел», доктрина, «Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасы», патриотизм, дәстүр, мәдениет.

Key words: N.A.Nazarbayev, Strategy Kazakhstan – 2050, «Mangilik El», doctrine, «national unity doctrine of Kazakhstan», patriotism, traditions, culture.

Жаңа ғасырдың екінші онжылдығында елдің алдында инновациялық-өндірістік дамуға өту жөнінде жаңа әлеуметтік-экономикалық міндеттер тұрды. Жаңа тарихи жағдайда қазақ халқының алдында жаңа тарихи парызы тұр, деп көрсетілді «Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында» [1]. Аталған мәселелер жаңарған қоғамнан бірлік пен қоғамдық келісімге сүйенген ұйысудың жаңа түрін талап еткен еді. Доктринаны талқылап әзірлеуге беделді қоғам қайраткерлері мен халық құлақ асатын зиялты қауым өкілдері тартылды. Соңдықтан, Үкімет мақұлдаған Қазақстанның Ел бірлігі доктринасын билік пен қоғам арасындағы сындарлы келісім негізінде дүниеге келген құжат деп атауға болады.

Саяси түсіндірме құралына жүтінетін болсақ «доктрина» – (лат. doctrina) – ғылыми-философиялық ілім, білім, саяси жүйе деген мағынаны білдіреді. Доктрина – іс-әрекет жасауға бағыт беретін нақтылы нұсқаулар принциптерінің жиынтығы. Әлемдегі тәжірибеде доктриналар көбінесе билік үшін күрестің саяси қозғалыс мүшелерін ықпалдастыру құралына да айналады. Доктрина негізінде Елбасы Жолдауында жарияланған халықтың ең басты құндылығы ретінде Тәуелсіздік идеясы қаланған. Доктрина этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісі негізінде құрастырылған, уақытында ұсынылған маңызды құжат. Доктрина – болашак дамуға бағытталған әрекеттің жетекшілікке алынатын теориялық және саяси ұстынын білдіретін мемлекеттік маңызды құжат.

Астанада Бейбітшілік пен келісім сарайында 2016 ж. 26 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі қабылданды. Біз, Қазақстан азаматтары, Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи «Тәуелсіздік толғауын» негізге ала отырып, Болашағы Біртұтас Ел – Мәңгілік Елді құру жолында біргеміз.

Мәңгілік Ел... Мәңгілік Қазақстан... Осынау қастерлі ұғымдар ата-бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары еді ғой. Тәуелсіздіктің бар-жоғы 25 жылында сол арманың асау тұлпарын ауыздықтап, ерттең міндік. Көздеңен көмбеге мереілі межеге жеткізер құбыламыз – Қазақстан – 2050 Стратегиясы. Ширек ғасырдан астам ұзак мерзімге жоспар жасау – құргақ қиял емес. Осы күні өркениеттің шырқау шыңын шығып отырған ондаған мемлекеттер осы жолдан өткен. Бірақ біздің жолымыз бөлек. Біздің жолымыз – Елбасымыз Н. Назарбаев тізгін ұстаған Қазақстандық жол.

Болашаққа барада жолды бағамдайтын осы бір тарихи құжатта талай дүние қамтылады. Келешегі кемел Отанымыз үшін бұл құжаттың маңызы үлкен. Аты айтып тұрғандай, маңызды құжат барлық қазақстандықтарды ортақ мақсатқа жетелейді. Барлығымыздың мақсатымыз – тәуелсіздігімізді мықтап сақтай отырып, еліміздің дамыған 30 елдің қатарына косу болып табылады. Осы межені бағындыру мақсатында елімізде қаншама мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырап жатыр. Жолдауда 35 жылды әр бес жылдыққа бөліп, даму сатымызды көрсетіп, әр бір бесжылда мақсаттарымыздың орындалатындығы накөз жеткізіп отырғанымызды нақтылай айтып берді. Елбасы еңбек пен ғылымға иек артуымыз керектігін айтты. Әлемдік бәсекеде ғылым үлкен рөл атқарады, ғылым арқылы бәсекеге төтеп береміз. Елбасының Жолдауында жастарға, келешек маман иелеріне назар аударғаны қатты әсер етті.

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Жетекші университеттердің академиялық және басқарушылық автономияға бірітіндең көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Улгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылғы 1 қантардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25% өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын», – деп атап өтті. Бұл біздер, студенттер үшін, әрине, куанышты жайт. Шәкіртақы мөлшері көбейген сайын студенттің де окуға деген

ықыласы, талабы артатыны сөзсіз. Осы жұмыстарды атқара отырып, бізге «сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алғыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарғы апаратын құдіретті күш» – деп сенім білдіреді [2].

Елбасы «тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз» – деп халықты бірлікке шақырды. Артынан «Қазақстан патриотизмің іргетасы – барлық азаматтардың тен құқылышы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі» деп нақты бағытын көрсетті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясының «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлттық көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» бөлімінде көрсетілгендей біздің негізгі құндылықтарымыз: жаңа қазақстандық патриотизм, еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс екенін айтады. Сонымен қатар, Елбасы еліміздегі барлық этнос азаматтары құқытарының тенденсі туралы ескертіп келеді. Біз бірлігіміз жарасқан көпұлтты мемлекетпіз.

Елбасы Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін айта келіп, жастарымыздың заман талабына сай үш тұғырлы тілді менгеру қажеттігін мақсат етіп қойды. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол ана тіліміз Мәңгілік Елімізben бірге Мәңгілік тіл болды! Ал, орыс тілін білу – біздің ұлттымыздың тарихи артықшылышы екені баршамызға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алғып, ел ішінде де, шет елдерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатыр. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Осы жағдайда Елбасымыз «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Жастарымыз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машинын игеру болуга тиіс» екенін басты назарға қойды [3, 2 б.].

Елбасы халқымыздың дәстүрі мен мәдениетін – ұлттың генетикалық коды екенін айтты. Жаһандану ірімінен аман қалу үшін де біз дәстүрімізben, тілімізben, мәдениетімізben ғана ерекшелене аламыз. Осының барлығын шынайы жүзеге асыру үшін Елбасы интеллигенцияның ролі жоғары.

Президенттің қазақстандық ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін құру міндегі бізді үлкен қуанышка бөлейді. «Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мұддесі мен тарихи тағдырын айшықтайты. Себебі, «Мәңгілік Ел» мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабактастығының көрінісі арқылы жүзеге асатындықтан да Ұлт көшбасшысының халықтың үш буынына үн қатуы кешегі тарих қойнауындағы бабалар үнін тағы да жаңғыртқандай әсер қалдырды. Елбасы жаңа стратегияны жүзеге асыруда қазақ халқына айырықша жауапкершілік жүктелетіні, бабалар өсietіne адал, іс-қимылда ірлік көрсету қажеттігін тұжырымдай келе, бейбітшілік, тұрақтылық, және гүлдену арқылы ғана XXI ғасыр Қазақстанның алтын ғасырына айналға алатындығы туралы пайымын ел-жүртyn жеткізді [4, 4-5 бб.].

«Қазақстан – 2050» Стратегиялық жобасы – біздің адастырmas компасымыз, айнымас темірқазығымыз. Алайда, байлық пен абырой, жануарлар мен жаңғырулар аспаннан жауамайды. Одан дәмелі елдің әр баласы енбек пен ғылымға арқа сүйеуі қажет. Елбасының бізден талап отырғаны да осы. Сонда ғана халықтың әл-ауқатын көтеріп, жаһанды мойынданып, Жер бетіндегі азулы 30 мемлекеттің қатарынан ойып тұрып орын аламыз.

Бірақ бүгінгі әлемде ешкімге есенді жібермей ғұмыр кешу – оңай шаруа емес. Әр мемлекет өз мұддесі тұрғысынан жанталаса әрекет етіп жатыр. Бірі алғып жесем, бірі шалып жесем дейді. Сондай саясат сайсында, бағдар қактығысында жеңіліске ұщырамай, әмандада жеңіс тұрғысынан көріну үшін тиімді тактика, салымды стратегия керек. Құдайға шүкір, ондай нәрсе Қазақстанда бар. Ол – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Мәңгілік Ел идеясы. Осы құндылықтар бізге қуатты кару, асқақ рух болады деп шүбесіз сенемін.

«Мәңгілік Ел, бұл – Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің Отанымыз бір, ол – Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір – тағдырымыз ортақ. Бейбітшілік пен келісімнің ұлы ісіне адал халықтың ғұмыры мыңжылдықтарға жалғасады» [5] – Н.Ә. Назарбаев.

Бұғынгі күндері елімізде сан алуан этнос өкілдері қазақ халқымен бір қолдың саласында, бір үйдің баласында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлы жағдай жасалған. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносараптың төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретіндегі, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесінде негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады.

2014 жылдың аяғында Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт тала-бына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз, әрі халықты қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді – соны түсінудің тәсілі және болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні болды деп айтуға негіз толық екендігін тарих дәлелдеп отыр. Ұлт бірлігін қамтамасыз ету – демократиялық, зайырлық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарт. Мемлекеттің экономикалық өсүі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы қоғам бірлігі ұйысқан және сақталған жағдайда ғана жүзеге асады.

«Мәңгілік Ел» – ата бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынасты құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді... Біз үшін болашағымыздың бағдар ететін, ұлттың үйістырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деп өситет айтқан. Бесік – ұлттық тәрбиенің негізі. Салтымыз мықты болса, халқымызда мықты болмақ. Қасиетті қазақ елінің рухы халықтың салт-дәстүрінде, наным-сенімінде, әдет-ғұрпында сакталған. Халқымыздың өмір сүруі де осы рухани байлығымыздың күш-қуатына байланысты. Елдің салт-дәстүрі әсіресе, рухани орталықсыз, бағыт-бағдарсыз қалатын болса, онда ол ел өз сипатынан бірте-бірте айырылып, жойылып кетуі де мүмкін. Осы қауіптен сактану үшін халқымыздың барынша бай рухани қазынасы болып саналатын салт-дәстүрімізді берік ұстау болмақ.

Қазақтың дәстүрлі салты мен әдеп-тұрпы, наным-сенімі қалай болса, солай атусті орындалмай, оның байыбына терең бойлап, мәні мен мағынасын түйсінуді қажет етеді. Жанжақтағы күллі қазақты біріктіретін де осы дәстүріміз. Тарих қойнауында көмескілене бастаған кейбір салт-дәстүрлерімізді қайта қалпына келтіру, жаңғырту, насиҳаттау – бүгінгі күнгі «журегі қазақ» деп соғатын әрбір азаматтың ең басты парызы болуы керек. Еліміздің болашағы халықтың өткен өмірі мен басынан кешкен тарихымен астасып жатыр. Өткенге зер салмау жетістіктер мен кемшіліктерді зерделемеу болашақтың жарқын болуына көлеңке түсіретіні сөзсіз. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың бір жолы – ұлттық салт-дәстүрімізді сақтап қана қоймай, үрпақтан-үрпаққа жалғастыру [6].

Дәстүр – адамзат тіршілігінің басты категорияларының бірі. Дәстүр жоқ жерде ғұрып, ғұрып жоқ жерде тәртіп, мақсат және мұдде болмайтынын өмір көрсетіп отыр. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясының астарынан халқымыздың қашшама ғасырлар бойы берік үстанған салт-дәстүріне шексіз құрметті анық анғартады. Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру, елімізді әлемдегі өскен-өркендеген 30 елдің санатына енгізуді көздейді. Сонымен бірге, Елбасы тәуелсіздіктің 27 жылы ішінде атқарылған қыруар іске кеңінен тоқтала келе: «Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырудық. Әрбір отандастарымыздың жүргегінде еліне деген шексіз мақтаныш сезімін ояттық. Қазақстандықтар ертеңіне, елдің болашағына сеніммен қарайтын болады» деп атап көрсетті.

Ата-бабамыздың үрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы көшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктің көрінісі. Адамзат баласының өз тіршілігінде көрген-білгенін, тоқып-түйгенін, қорытып келешек үрпағына мирас етіп қалдырғаны – табиғи заңдылық. Адам бойында қалыптасқан имандылық қасиеттерді рухани құндылықтарға жатқызуымызға болады. Елбасымыздың Тәуелсіз Қазақстаннымызды дамытудың, әрбір Қа-

зақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мұддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.

«Мәңгілік Ел – жалпы Қазақстанның ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеши, Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өтті. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санаына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізуді талап етеді.

Қазіргі қоғамда бізге жетіспей жатқаны өзіміздің қазақ өмір сүруімізben шығыстық дүние танымның өзегі – адамшылдық. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар ұлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Егеменді ел жастарының санына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адми құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу.

Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға, яғни, біздерге тікелей байланысты. Елдің болашағы ол – біз, жастар. Болашақ бүгіннен басталатынын ескерсек, осы Стратегияны іске асырып, Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына қосып, «Мәңгілік Елдің» ертеңі үшін аянбай еңбек ету – біздің абыройлы міндетіміз.

Алысты қоздайтін сұңғылы саясат иесі Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттің міндеті – тер төгіп, еселі еңбек етемін деген адамға кешенді жағдай жасау, ғылымды дамыту, индустрияны өркендету, қазақ тілінің мәселе, денсаулық саласы туралы, 2016 жылы елде қазақстанның қоғамның негізгі құндылықтарын негіздайтін жаңа құжат – «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі жасалатынды, Қазақстанда мәдениетті саясатың тұжырымдамасы қабылданды.

«Мәңгілік Ел» сөзі аспаннан түсे қалған жоқ. Ол біздің тамыры теренде жатқан тұп тарихымыздан алынды. Оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қыын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жакқа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тонықек негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған «Мәңгі Ел» құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің тұп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

«Мәңгілік Елдің өзегінде қарапайым, түсінікті және біздің әрқайсымыз үшін ең қымбат ақиқаттар – отбасымыздың амандығы, қонақжайлық және еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, ертеңгі қүнге деген сенім ұғымдары орнықан. Біз Мәңгілік Елдің мұзғымас Жеті тұғырын нығайтуға, сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа аманат етуге шақырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ұлт бірлігі Доктринасы [Электронный ресурс]. Режим доступа: www.assambly.kz.
2. Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы // Егемен Қазақстан. – қантар, 2014. – №11.
3. Нұрекешов Е. Мәңгілік Ел – біздің келешегіміз // Отан сақшысы. – 2014. – №5.
4. «Мәңгілік Ел» идеясы білімнің арқасында жүзеге асады // Жас өркен. – Қостанай, 2014. – №1.
5. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі // Егемен Қазақстан. – 27.04.2016.
6. Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы // Егемен Қазақстан. – 20.10.2010.

3 СЕКЦИЯ

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM

<i>Ағдатетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру	248
<i>Аканбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Тұзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахстанского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру»	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территории без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел»	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурабай А.Қ.</i> Латын әліпбі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын қадам!	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшиanova Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас үрпағын – патриоттықта тәрбиелеу	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел»	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования	335